



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына – «АМАНАТ»
партиясы фракциясының мүшелеріне**

2024 жылғы 1 наурыздағы № ДС-89

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Салықтық жеңілдіктерге ревизия жүргізуге және санын қысқартуға қатысты

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында салық жеңілдіктеріне сыни тұрғыдан талдау жасап, көлемін кемінде 20 %-ға қысқартуды тапсырды.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Салық кодексінің жеңілдік белгілері бар 735 тармағына (9,5 трлн теңге сомасына) ревизия жүргізілді.

Ревизияның қорытындысы бойынша Салық кодексінің 478 нормасы жеңілдіктер ретінде айқындалды, оның ішінде 1,3 трлн теңге сомасына 101 (25 %) жеңілдік алып тастау, қалған нормалар бойынша қолданылу мерзімдерін белгілеп немесе оларға мерзімсіз сипат бере отырып, қалдыру жоспарлануда.

Алып тастауға ұсынылатын жеңілдіктердің ішінде басым бөлігін қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) бойынша жеңілдіктер құрайды.

Осылайша, ҚҚС бойынша 736,7 млрд теңге сомасына 34 жеңілдікті алып тастау ұсынылады. Мысалы, дәрілік заттарды өткізу бойынша айналымдарды ҚҚС-тан босату, «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында өндірілген және өткізілетін тауарларды өткізу бойынша айналымдарды ҚҚС-тан босату және басқалар бойынша жеңілдіктерді алып тастау ұсынылады.

Жалпы алғанда, салықтық жеңілдіктер ұғымын нақты регламенттеу; салықтық жеңілдіктерді енгізу кезінде салалық мемлекеттік органдардың мәлімделген мақсаттарға қол жеткізілуін міндетті түрде мониторингтеуі; ұсынылатын барлық жеңілдіктерді салық есептілігі нысандарында көрсету; қарсы міндеттемелерді белгілеу ұсынылады.

Сондай-ақ жеңілдіктерді беру және бағалау тәртібі, жеңілдіктердің тиімділік өлшемшарттары айқындалатын болады.

Жеңілдіктерді саланың нәтижелерге қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, қаржылық есептерді, оның ішінде бюджет шығындарының есептік мөлшерін, КРІ ұсына отырып, толық әлеуметтік-экономикалық негіздеме болған кезде беру ұсынылады.

Сонымен қатар жаңа Бюджет кодексінің жобасында салықтық жеңілдіктердің тиімділігі, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша жеңілдіктер мен өзге де преференциялар, олардың ашықтығы, алынған әсері және оларды одан әрі қолданудың орындылығы туралы ақпаратты қамтитын есептіліктің жаңа түрін – «Салық шығыстары туралы талдамалық есепті» енгізу ұсынылады. Салық шығыстары туралы талдамалық есеп жыл сайын қалыптастырылатын болады және республикалық бюджет туралы заң жобасына қоса берілетін болады.

Жоғары аталған тәсілдер әзірленіп жатқан жаңа Салық кодексінің жобасы шеңберінде пысықталуда.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза кірісінің 100 %-ын бюджетке беруге қатысты

Бүгінгі таңда акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер төлеу мөлшері мен шарттары Үкіметтің 2020 жылғы 27 наурыздағы №142 қаулысына сәйкес айқындалады.

2020 жылдан бастап мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар үшін таза кірістің кемінде 70 %-ы мөлшерінде дивидендтер төлеу белгіленді.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның (бұдан әрі – Қор) дивидендтік саясатына сәйкес дивидендтер мөлшерін айқындау үшін жүйе құраушы компаниялардан алынатын дивидендтер сомасының 50 %-ы база болып табылады.

Қордың иелігінде қалған қаражатты бөлу директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады және резервті қалыптастыруға, жобаларды қаржыландыруға және директорлар кеңесі бекіткен өзге де мақсаттарға жіберіледі.

Бұл Қордың ұлттық компанияларды, даму институттарын және өзге де заңды тұлғаларды тиімді басқару үшін құрылғанына байланысты. Қор тобының қызметі компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыруға, сондай-ақ активтерді тиімді басқаруға бағытталған.

2023 жылы Қор мемлекет пайдасына 238 млрд теңге дивидендтер бөлді (2022 жылдың қорытындысы бойынша), өзге бөлулер – 155 млрд теңге.

Анықтама: өзге бөлулер шеңберінде көпбейінді клиникалардың, гимнастика орталығының, спорт клубтарының және т.б. құрылысы қаржыландырылатын болады.

2023 жылдан бастап Қор жыл сайын таза кірісінің 7 %-ын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына аударуды жүзеге асырады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл сома 66,6 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ Қор тобы шамамен 2 трлн теңге сомасына инвестициялық жобаларды, оның ішінде ұлттық басым жобаларды іске асырады.

Бұдан басқа, топ ұйымдарының өндірістік қызметінің процесіне тікелей қатысатын өндірістік активтерді және өзге де негізгі құралдарды жұмыс жағдайында ұстап тұруға арналған шығыстар айтарлықтай соманы құрайды.

Берешекті және өзге де шығыстарды өтеу бойынша міндеттемелер бар.

Осыған байланысты қолданыстағы дивидендтік саясат Қор тобы мен Үкімет атынан акционер мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Есеп беруді қамтамасыз ету бөлігінде 2024 жылдан бастап Үкімет Парламентке Квазимемлекеттік секторды басқару жөніндегі ұлттық баяндаманы енгізетін болады.

Ұлттық баяндамада соңғы үш жылда серпінде қаржы-шаруашылық қызмет, таза кірісті бөлу, дивидендтер төлеу туралы талдамалық ақпарат та қамтылатын болады.

Ұлттық компаниялардың, әсіресе «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның тендерлерін бірыңғай мемлекеттік сатып алу жүйесіне, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның қолданылу аясына қосуға қатысты

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Қорды қоса алғанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заңмен реттеледі.

Сонымен бірге Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан – бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының *(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген)* 43-тармағын орындау үшін барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасына ауыстыруды көздейтін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заң жобасы әзірленді *(Үкіметтің 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 844 қаулысымен Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді)*.

Сондай-ақ реттелетін сатып алу тәсілдерін біріздендіру жөніндегі жұмысты жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының 2022 – 2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында *(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген)* 2025 жылға қарай мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алуы үшін бірыңғай талаптарды белгілеу мәселесін пысықтау көзделген.

Осыған байланысты Қордың сатып алуын бірыңғай заңнамаға ауыстыру мәселесі жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды іске асыру шеңберінде пысықталатын болады.

О. Бектенов